

ӘДБИЕТТАНУ

Жанайхан Болат

Сүлеймен Демирел атындағы университет
«Қазақ филологиясы және журналистика»
кафедрасының докторанты

Ұ. Есдәулетов лирикасындағы қазақы дүниетаным

Ұлттық поэзия патшалығына өзіндік өрнек, өзгешеліктерімен келген, адамдық, ізгілік, иірімдерін нәзік лиризммен, терең тебіреністі толғамдармен еркін жырлаған Ұ.Есдәулетов уақыт талаптарын жіті зерделеді. Қайсыбір тақырыпты да тереңнен толғап, ақыл-парасат нұрын, көңіл күнделігін, жан-жүрек сәулесін молынан түсіреді. Өлең өрімі, өрнектері арқылы уақыт алға тартқан келелі мәселелерді, тәуелсіздік талаптарын жүректен қозғады. Атамекен мұратын, ел-жер тағдырын, адам әлемін алуан ізденіс, түрлі салыстырулар арқылы шебер де шешен жеткізді. Біздіңше, Ұлықбектің ақындық өнері – талант қуатымен, көркемдік нәрімен, сыр-сезімге толы шындық сипаттарымен даралана түседі. Мұны ізденіс іздері де, қолтаңба мәнері де бедерлей түседі.

Ақын лирикасының табиғатынан ұлттық болмыс бедері, қазақ тілінің өлең-жыр болып төгілген әрі мен нәрі, шұрайы мен шырайы қиял қанатымен қанаттанып, күштарлық, өнерге сүйіспеншілік сезімдері сырлы да нәрлі түрде өріс алады. Адам өмірін үлгі ету, еңбек мұраттарын бағалау, келешекке үміт арту айқын аңғарылады. Кеше-бүгін байланысы берік те тағылымды. Мәселен, «Туған жер» өлеңінде:

Жеті жаста
Тайға міндік, жарыстық,
Балалықтың сол кез неткен қаны ыстық!
Шалғын иісін ауаға орап сімірдік,
Артта жатты будақ-будақ шаң ұшып.

Жаңа көрдім: дала неткен кең еді,
Басып өттік талай төмен төбені.
Монтиып бір көгендеген қозыдай,
Ақша бұлттар төбемізден төнеді. [1, 180 б].

- деп, балалық балдәуренін сағынышпен еске алу арқылы алтын тамыр-ауылға, кеше-бүгінге барлау-байлам жасайды. Ақын өлеңімен оқырманын елең еткізеді. Бал татыған балдәурен кезеңнің бейнесін шебер суреттегені соншалық - сол бір балғын шаққа саяхаттап кайтқандай күй кешесің. Өлеңдегі «тайға міндік, жарыстық», «монтиып бір көгендеген қозыдай» тіркестері өлеңге ұлттық нақыш беріп қана қоймай, адам өмірінің ең бір ұмытылмастай сәттерін көз алдына елестетесің.

Ұлықбек өлеңдеріндегі ұлттық сыпат табиғат құбылыстарының жанды суретін, халықтың дүниетанымымен, тұрмыс-тіршіліктік түсініктерімен сабақтас беруінен көрінеді.

Өзенге өркеш біткендей бейне,
Кеуденде керуен сең кеткен.
Ақ түбіт буды түткендей кейде,
Жағалау жақтан жел ескен.

Тоқымдай қарды сыйға алған белде,
Тобарсып жатыр өлген қыс.
Тоқымқағарға жиналған елдей,
Топтана берер келген құс [1, 176 б].

«Мамыр айы» деп аталатын бұл өлеңде мамырдың жанға жай мезгілін ақын ұлттық бояулар мен ұлттық өрнектер арқылы тамаша кестелеген. Ұлттық ұғымдағы «өркеш», «керуен», түткендей /жүн түту/, тоқымдай /ер-тұрман бөлшегі/, «тоқымқағар»/ сыңары алыс

сапарға кеткендей әйелі немесе күйеуінің ауыл адамдарын қонаққа шақырып ас беруі осылай аталады/ сияқты ұлттық өрнектер өлеңінің көркемдік ерекшелігін ары қарай ажарландыра түседі.

Жапырақтар жамырасып,
Жас қайыңдар билеп өскен.
Жер-дүние жадырасып,
Жейделерін түймелескен.

Желмаямен қашқақтайды,
Көкала бұлт керуендері.
Алуан таулар асқақтайды,
Серілердей серуендегі [2, 168 б].

Өлең шумақтарындағы теңеу, кейіптеулер және ұлттық өрнектер /жамырасып, желмая, керуен, серілердей/ арқылы табиғаттың ғажайып көрінісін көз алдыға елестетесің.

Ұлықбек Есдәулетовтың поэзиясындағы төрт түлікке байланысты образдардың да өзіндік сұлулығы бар. Ақынның қала суретін беруі де өте ұтымды.

Түнедік тауда. Таң жақын,
Тұрлаусыз екен тауда түн.
Иектің жатыр астында

Иірген қойдай Алматың. [1,46].

Ақынның қаланы биіктен бақылауынан туған әдемі сурет. Ақын қаланың тамаша көрінісін иірген қойға теңейді. Өрісте жайылып тойынған қойды шопан бір жерге иіріп тастайды. Бұл - малдың жайы мен күйін білетін тек қана қазақ халқына тән құбылыс.

Ұлықбек Есдәулетов лирикасында ұлттық болмысты, ұлттық сипатты, ұлттық өрнекті білдіретін өлең жолдары көптеп кездеседі.

Өмірдің де табиғаттай заңы бар,
Көктемеде жас желегін жамылар.
Күндер зулап, күз жеткенде әркім-ақ
Жамыраған жапырағын сағынар. [6,77б].

Жапырақ жайып жүректер
Жамырасқанда,
Елжірей қарап тұрады-ау тәңір аспанда»,

- деген тармақтардан ақынның табиғат құбылыстарына жан бітіріп, адамға тән қимыл-әрекеттермен жырлауы, сөзсіз өлеңді сұлуландыра түседі. Ал осындағы «жамырасқанда» сөзі ұлттық өрнек, қойға қозы жамырап, азан-қазан болатын қазақ халқының тұрмысын бейнелеп тұр.

Табиғатты суреттеуде қайың, теректі қызға теңдеу Ұлықбекте жиі кездеседі.

Жас терек жел жұлқыса, сәл майысқан,
Бұрымынан сауылдап шолпыдайын,
Жап-жасыл жапырағы саулап ұшқан... [6, 130б].

– деген жолдарда теректі қызға теңеумен бірге ағаштың жап-жасыл жапырақтарын қыз бұрымындағы шолпыға /ұлттық өрнек/ теңейді.

Оранған жасыл шәліге,
Боз балтыр, бота тірсекті,
Қайыңның аппақ тәніне,
Қылшыған қанжар кірш етті [6, 147 б].

Табиғат құбылыстарын суреттеген кезде ақын көркемдегіш құралдарын орынды қолданумен қатар ұлттық ұғымдағы сөздер мен сөз тіркестерін /боз балтыр, бота тірсек/ шебер пайдаланады. «Боз» сөзі тек түстік, бояулық яки анықтауыштық мағынада қолданылып тұрған жоқ, даланың айқындауышы (эпитет) болудан асып, символдық сырды білдіретіндей биікте бейнеленіп тұр. Боз-ақын поэтикасында жай сөз емес, образды сөз,

образды символдық дәрежеде көрсетіп тұрған сөз. Өлең өнеріміздің өмірінде жылтырақ сөздерден гөрі, мұнлырақ, сырлырақ мағынадағы сөздердің көп болуы ұлт мінезіндегі тарихилық сипат болатыны сондықтан. Демек, акынның басқа түсті, басқа сөзді емес, «бозды» таңдауы-саналы әрекет, ұлттық мінездің өлеңдегі болмысының өзгеше көрінісі. оны бейнелеудің ерекше бір тәсіл.

Ұлықбек Есдаулетовтің жоғарыда айтылған өлеңдері сынды туындылар табиғатындағы әр сөзге айырықша мән берудің астарындағы терең ойды ашқан сайын акынның сөз саптау шеберлігі, тіл байлығы анықтала түседі.

Түн қара сәлделі құдадай,
Көкке жұлдыздан бал аштырады.
Қызыл шұнақ аязға шыдамай,
Найзағайдай шатырлап ағаш сынады. [5, 225б].

Ұлықбек суретті образ жасауда Абай дәстүрін өзінше дамытады:

Сол алақан, мұңайсам, жадыратқан,
Тондырмаған өтсе де небір ақпан.
Сол алақан көңілдің жайлауына

Ойларымның қозысын жамыратқан. [5,60б].

Ұлы Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтарының бірі-мағыналары жағынан бір-біріне жанаспайтын сөздерді шебер теңестіру емес пе еді. «Көңілдің жайлауы» Абай жасаған / «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?»/ изафеттік тіркес болса, Ұлықбек осы тіркесті жалғастырып, «көңілдің жайлауында», «ойлардың қозысын» жамыратады. «Ой» мен «козы» - мүлде алшақ ұғымдардың атаулары. Бірі- дерексіз ұғым, екіншісі - нақтылы зат атауы. Бұл екеуін акын «әжесінің алақаны» арқылы жымдастырып жіберген.

Акын өлеңдеріндегі образдар халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына да қатысты жасалады. Мәселен, «Төркіндей көшіп жазкелін»- Абайдың «кәрі құдасындай» нағыз ұлттық образ. Жаздың кетуін төркініне кеткен келінге балайды. Ал сай-адырдың сары жұрт болуы да кездейсоқтық емес. Қонған жердің сары жұрт болуы сол жерде елдің көп отыратындығын білдіреді. Қазақтың салты бойынша келін қайын жұртына түскен соң араға алған. Келін образы Ұлықбектің «Зевс тойы немесе түнгі теңеулер» өлеңінде де көрінеді. Бұл өлеңнің аты грек мифологиясынан болғанымен заты таза ұлттық өлең. Аспан жаңа түскен келінге, ай сол арудың қасына, жұлдыздар шашуға теңеліп, келін түсіру салтын көз алдымызға әкеледі.

Аспанның қиғаш қасындай,
Дидарын бұлтқа жасырды Ай.
Шашырап жатыр жұлдыздар,
Терілмей қалған шашудай...
Текеметтің үстінде ойнаушы едік,

Бауырсақтай шашылып бала кезде... [3, 189 б].

Осыған ұқсас теңеу Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман –эпопеясында да бар. Ғұлама жазушы Абайдың монологы арқылы кең даланың әр жерінде көрінетін елді-мекендерді сараң қатынның кең дастарханға шашып тастаған бір уыс бауырсағына теңеген екен. Екі суреттің арқасында дәстүр жалғастығы жатыр.

Ұлықбек Есдаулетов акындық талантымен халықтың жүрегінен жол таба білген дарынды акын. Қай шығармасында да өзіндік қол таңбасы айқын көрініп тұрады. Бұл-акын үшін асыл қасиет. Акын нені жырласа да, қандай дәрежеде жырласа да акындық шабытымен жазады.

Ұлттық мінездің қалыптасуында ұлттың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, кәсіптік-шаруашылықтық ерекшеліктері, ұлттық сезім бәрі де маңызды. Осы орайдан келгенде, Ұлықбектің табиғат лирикасының тереңіне үніле білсек, беймәлім сырдың беті ашыла түсетін ақиқат. Өйткені «Ұлықбек –реалист акын. Оның табиғат жырларынан уақыттың әлдеқалай жылы, айы емес, өзі өмір сүрген заман жайы, сол заманда тіршілік еткен адам жайы айқын көрініс табады». Мысалы «Көк аспан» өлеңінде:

Қанаттыға бұлт-құшағын кең ашқан,
Асқақтығы қиялы мен таласқан,
ей, Көк аспан, Көк аспан!
Көмбесіндей асылдың
көп сырынды жасырдың,
жұлдыз болып шашылдың,
жауындатып басылдың,
кімге, қашан ашылдың
қақпасындай ғасырдың?

Аспан!
Менің ойларымда,
үмітім мен арманымда
бар сенің мөлдірлігің.
Аспан!
Менің жанымның жайлауында,
жүрегімнің қойнауында
жарқырайды өзіңнің зеңгір күнің [3, 31-32 б].

Ақынның «Көк аспан» ғана емес, басқа да табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде қазақ халқының әдет-салтына тұрмыстық-шаруашылықтық кәсіптеріне байланысты өлең жолдарының көп кездесетінін жоғарыда айттық, міне, олардың ішінде тікелей ұлттық сезімге, ұлттық өрнекке қатысты сөздер мен ұғымдар, өлең жолдары мен тұтас шумақтар, бедерлі бейнелер мен сәнді сөз бейнелілігі жиі ұшырасып отырады.

Көңіл шіркін, қанатын жасырар ма,
Қыран мінез жарқ етпей басылар ма? [3, 87 б].

Ұлттық сезім тұрғысынан келгенде, Ұлықбек өлеңдерінде жиі ұшырасатын ұлттық өрнектер өлеңге ерекше бояу қосып, қазақи болмысты айқындай түседі. Мәселен: жоғарыда берілген өлең жолдарындағы «жұлдыз болып шашылдың» тіркесіндегі жұлдыздың шашылуы халқымыздың ұғымындағы «шашудың шашылуы» деген ұғымға сай келсе, «жанымның жайлауында» тіркесінде де ақын дерексіз ұғымды жандыра отырып, әдемі балама жасай білген. Сондай-ақ «қыран мінез» тіркесі де - ұлттық мінезіміздің ереше сипаты.

Ұлықбек Есдаулетов қандай тақырыпта өлең жазса, өлеңдерінің өн бойы тұнып тұрған ұлттық өрнектермен көмкерілгін.

Маңайда маңып мизамы,
Маужырап жатыр сары күз.
Күзеуде, киіз үй жаны—
Тікені толған кәріғыз.
Қарайды қырға қарт шығып,
Көзінде күздің тамшысы.
Қарайды күн сап мәрт жігіт,
Қолында қысқа қамшысы.
Еміс те еміс саздарың,
Әуелеп ұшқан құстар-ау.
Өте де шықты-ау жаздарың,
Қайтесің, ғұмыр қысқалау...
Қысқалау, бірақ ғажап тым,
Құстар-ау соны біліңдер.
Қыздары құсап қазақтың
Төркіндеп келіп жүріңдер! [6, 133 б].

Көркем әдебиеттегі кейіптеу тәсілінің ұлттық поэзиямызда тамаша үлгілері бар. Бұл өлеңдегі кейіптеудің көркемдік деңгейі сол үлгілерден бірде-бір кем емес. Табиғаттың әрбір мезетіне, әрбір құбылысына телінетін адами рух ойды көркемдеп жеткізе отырып,

оқырманына эстетикалық ләззат сыйлайтын көркемдік тәсілге айналғаны осы жолдан аңғарылады. Өлеңдегі күздің маужырап жатуы әдемі құбылыс болса, құстардың жылы жакқа қайтуы, жаз мезгілінің тез өтіп күздің келуі лирикалық кейіпкерге үлкен ой салады. Ақын табиғат құбылысмен адам өміріндегі ұқсастықты шебер суреттейді. Өлеңге ұлттық нақыш беріп тұрған – соңғы тармақ. Қазақ дәстүріндегі ұзатылған қыз баланың жыл өткеннен кейін төркіндеп келуін ақын құсқа теңейді. Ұлттық поэзиямызда табиғатты нысан етудің өзіндік даралығы бар екенін айттық. Сол ерекшеліктің бастысы ұлттық сипатқа байланысты. Өлеңдегі «қысқа қамшы» қысқа ғұмырдың символы іспеттес. Ақын философиялық ойды көркем түрде жеткізе білген.

Ұлттық поэзиямызға назар салғанда, кейіптеудің тамаша үлгісі ретінде Абайдың “Қыс” өлеңі тұтасымен, “Жазғытұры” өлеңіндегі бейнелі жолдар алдымен ауызға алынады. Сондай-ақ табиғатты “адамдандыра” суреттеу М. Жұмабаев лирикасында барынша тереңдеген.

Шапағат күткен
Шөбін шылаған шықтан да,
Шөлдеуік дала бұлт көрсе қабақ шытқан ба?
Көкірегінен
Көк балаусаның иісі аңқыр,
Көктемгі бұлттар
Көкке бір өріп шыққанда.

Жатқанда дала көкке телміріп, нұр тілеп,
Желбіреп желмен
Жайылған жалын сілкілеп,
Туған жеріне тепсіне шауып жетеді

Сәйгүлік бұлттар сауырдан тері сіркіреп [5,32-336].

Бір ғана сәттегі табиғат суреті. Бір карағанда, сөзбен салынған пейзаж. Бірақ ақын назарына алынған бұлт сипаты ауыстырылып, басқа әрекеттерімен көрінген. Бұлттың көкірегінен көк балаусаның иісі аңқуы, көкке өріп шығуы, бұлттың туған жеріне шауып жетуі, сәйгүлік бұлттың сауырынан тердің ағуының бәрі шын мәніндегі өз әрекеті емес. Ұлықбек сынды сөзбен сурет салатын ақынның бұл тосын кейіптеуі бүгінгі ұлттық поэзиямыздың көркемдік қуатын танытатын сипаттың бірі деуге болады. Жалпы, ақын арқылы бейнелеп жеткізудегі шеберлігі кейіптеу тәсілімен жазылған өлеңдерінен көрініс беріп отырады.

Шудасы бұлттың қан-қызыл,
қызарып қомы
желгендей,
хабарсыз кеткен жалғыз ұл
қаңғырып қайта келгендей.

Ақшам.

Ай.

Ақ шаң.

Қанды бұлт...

аркамнан біреу қаққандай...

миымда менің мәңгілік

ат шауып бара жатқандай[5,1766].

Ақын өлеңдерінде табиғаттағы әрбір зат, әрбір құбылыс назардан тыс қалмай, поэтикалық оралымға еніп кете береді. Солардың бірі – бұлт. Бұлтқа адамға тән іс-әрекетті шебер дарыта білген.

Жаңа көрдім: дала неткен кең еді,

Басып өттік талай төмен төбені.

Монтиып бір көбендегі қозыдай

Ақша бұлттар төбемізден төнеді [5, 96].

Бұлттың поэтикалық кейіптеу түрінде бейнеленуі Ұлықбек лирикасында әр түрлі жолдармен көрінеді. Бұл жерде ақын ізденісінің нәтижесі, талант қуаты алдыңғы орынға шығады. «Көк аспан» атта өлеңінде:

Қанаттыға бұлт-құшағын кең ашқан,

Аскактығы қиялыммен таласқан

-деп келетін жолдар бар болса,

Жолдарым жатыр құба жондарда созылып,

Келемін жүріп, көкірегімнің көзі – үміт.

Қияда қаздар қаңқылдай ұшып барады,

Емеді шыңды жамырап кеткен қозы – бұлт [5, 286].

немесе,

Бусанған бұлттар кезіп кеп көкті көгілдір,

Тамшысын төксе, оранар такыр өңір гүл.

Көшеді бұлттар

Көкірегінде күн ойнап,

Бакытқа барша терлеумен жеткен өмір бұл! [5, 336].

-деп, өрілген өлең жолдары лирикалық кейіпкердің көңіл-күйін танытып тұр. Сол сияқты кейіптеу тәсілімен суреттелген табиғат құбылысы – ақын өлеңіне тән бейнеліліктің бірден-бір сипаты. Келтірілген өлең жолдарындағы «Монтиып бір көбендегі қозыдай», «Емеді шыңды жамырап кеткен қозы – бұлт », « Қанаттыға бұлт-құшағын кең ашқан», «Көшеді бұлттар көкірегінде күн ойнап» тіркестері ұлттық өрнектермен көмкерілген. Бұлттың казак баласы ерекше қастерлейтін қойдың төлі қозыға теңелуі – ақынға тән ерекше стиль. Әдетте үлкендеріміз балаларын жақсы көргенде, «қозым», «қошақаным» деп еркелететіні баршаға мәлім. «Емеді шыңды жамырап кеткен қозы – бұлт » өлеңнің бұл тармағы сөзбен салынған казак ауыл тұрмысының керемет суреті іспетті. Таң атысымен өріске малын айдап, кешке дейін қойды бөлек, қозыны бөлек бағатын казак тұрмысында қозының жамырап кетуі– үлкен қасірет. Қойшының бір күндік еңбегі еш кетіп, ауылдың азан-қазан болатын кезін ақын бұлтқа теңеген. Ақын ұлттық өрнекпен өрнектелген кейіптеудің тамаша үлгісін жасайды.

Поэзияда табиғат лирикасына қалам тербемеген ақын кемде-кем. Жансыз дүниеге жан бітіре жырлау жазба әдебиетіміз қалыптасқан заманда Абай поэзиясынан бастау алып, кейін көптеген ақындардың лирикаларында жалғасын тауып жатты. Ұлы Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерінің әрқайсысы адам бейнесімен беріліп, адам баласымен байланысырыла жырланады. Бұл дәстүр Ұлықбек поэзиясында жалғасын тапқан. Ақын Ұ. Есдәулетовтің басқа ақындардан ерекшелігі де осында. Жылдың төрт мезгілін казак салт-дәстүрмен, ұлттық өрнектермен астарластыра жырлайды.

Ұ. Есдәулетовтің «Арқа қысы» өлеңінен Абайдың атақты «Қысына» ұқсастық байқалады. Екі дәуірде өмір сүрген екі ақынның табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Ұлы ақын Абай қаһарлы қыс мезгілін ашулы шал, кәрі құда бейнесімен суреттесе, Ұлықбек қысты көрікті қыз кейпінде суреттейді.

Ұлы Абай:

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды. [7, 406]

-деп, қыс қаһарын кәрі шалға, оның долы ашуын буырқанған боранға теңей отырып қыс мезгілінің жаратылысын ашып бейнелесе,

Ұ. Есдәулетов бұл көріністі:

Ақ сәукеле киініп,

апнақ үкі тақты бау,

ақ қайың тұр бұйығып,

алқымында ақ қырау[6, 506].

-деп, Абай жырындағы шал бейнесін қыздың бейнесімен байланыстыра жырлайды. Ұлы Абай өлеңнің басынан соңғы тармағына дейін қыс мезгілін суреттесе, Ұ. Есдәулетов жырының ерекшелігі сол - қысты аппақ үкі таққан, ақ сәукеле киген сұлу қызға теңей отырып, өтіп бара жатқан уақыт мезгілін ұзатылған жас қыз бейнесінде сомдайды.

Ақ құйынның ұршығы
көше айналып тыншыды,
қыз ұзатып жатқандай
қарлы боран сыңсуы [6, 506].

Ұзатылып кеткен кім?
ұзын сонар өткен күн,
ерігені қыраудың
нышаны ма көктемнің? [6, 506].

Ақын қысты қыз болмысымен байланыстыра бейнелеуде тапқырлық танытқан. Өлең тұтасымен кейіптеу тәсілімен, ұлттық өрнектермен безендірілген.

Қайсыбір ақын болмасын, поэзия әлеміне канат қағардан бұрын алдыңғы аға буын мектебінен дәріс алатыны – шындық. Олар ауыз әдебиетінен бастап, беріде Абай, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Қасым, Мұқағали поэзияларынан сусындаған. Солардың дәстүрімен қалам тербеген. Мысалы, қазіргі поэзияда

Абай дәстүрінен үлгі алмаған, Абай поэзиясынан нәр алмаған ақын кемде кем.

Ұлықбек Абай дәстүрін жалғастыра отырып поэзия әлемінде өз сара жолын салды. Абайша толғап, Абай дәстүрін жалғастырғанмен, қазіргі заманғы үрдіспен жырлайды.

Сынатұғын түрі жоқ,
сүйреп келген қылышы,
қасат қары сүрі боп,
қыстың мынау тұрысы.

Шана теуіп бала мәз,
оң мен солың омбы қар.
Сүлік ерін сары аяз,
сүйген жері домбығар [6, 516].

Ақын қыс қаһарын қылышқа теңесе, қарын сүріге, ерінін сүлікке балайды. Өлеңдегі қылыш сөзі символдық бейне болса, қардың сүрі болуы – ұлттық өрнек. Ал «Сүлік ерін сары аяз» тіркесінде қыстың суық аязының бейнесі сәтті суреттелген.

Ұлттық поэзиямызда табиғатты суреттеудің озық үлгісін Абай шығармашылығынан табатынымызды жоғарыда тілге тиек еттік. Уақыттың әрбір мезетін бейнелеуде ұлы ақын ешкім бармаған тың тұстан ерекше өрнек салды. Абай ішінара көңіл күйді бейнелеп, негізінен фон болған табиғат Мағжанда сезім мен ойға ие жанды бейне болып құбылды. Поэзияның әр буыны өкілдерінің табиғатты жырламағандары кемде-кем. Дәстүр жаңарып, ерекше бояу. өзгеше сипатпен өмір сүрді. Ұлықбек Есдәулетов өлеңдері осы пікірімізге бірегей мысал.

Ақынның «Мамыр айы» атты өлеңі – ұлттық өрнектелген табиғаттың тамаша пейзажы.

Өзенге өркеш біткендей бейне,
Керуен де керуен сең кеткен
Ақ түбіт буды түткендей кейде
Жағалау жақтан жел жеткен.
Тоқымдай қарды сыйға алған белде
Тобарсып жатыр өлген қыс.
Тоқымқағарға жиналған елдей
Топтана берер келген құс [5,3646].

Уақыт заңы – қыстың соңынан көктем келетіні болса, өлеңдегі сәуірден соң жеткен мамыр бейнесін бейнелеген «керуен де керуен сең», «ақ түбіт бу», «тоқымдай қарды» тіркестері өлеңге ерекше көркемдік рең, ұлттық бояу береді. Ал қысты өлтіріп, құстарды тоқымқағарға жиналған елге тенеуі - керемет құбылыс. Қазақта отағасы ұзын сапарға шыққанда, үйде

қалған жұбайы жақын ағайын - туыстарын қонаққа шақырады. Бұл дәстүрді «тоқымқағар» деп атаған.

Әдебиеттер:

1. Есдәулетов Ұ. Алтайдың алтын тамыры .-Алматы: Жазушы, 1979.
2. Есдәулетов Ұ. Киіз кітап /Ұ.Есдәулет.-Астана:Елорда, 2000.
3. Есдәулетов Ұ. Ұлыстың ұлы күні. - Алматы:Жазушы, 1982.
4. Зақанқызы Р. Ұлттық мінездің көркем көрінісі /-Ақиқат, 2001.- №3
5. Есдәулетов Ұ. Ұлы даланың ұлымын/Ұ.Есдәулет.-Өскемен, 1995.
6. Есдәулетов Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар, 1 том, Алтын, 2001 тамыр. Ел мен жер жырлары.– Алматы: Жазушы, 2006.
7. Жұмабаев М. Екі томдық таңдамалы шығармалары, 1 том, Атамұра.

Резюме

В этой научной статье всесторонно рассматривается лирика поэта Улыгбека Есдаулетова с точки зрения национального права и мировоззрение.

Resume

This scientific article studies the national temper and national worldview of Ulyqbek Esdauletov's lyrics from all-round point of view.

Özet

Bu bilimsel makale çok yönlü bakış açısından ulusal öfke ve Ulyqbek Esdauletovtın sözleri milli dünya görüşüne çalışmaları.